

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Беткүдық, Таврия, Макеевка, Саратовка, Тарғын, Манат ауылдық елді мекендері мен Асу-Бұлақ кентіндегі су объектілерінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оны шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 721 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Эділет департаментінде 2006 жылғы 31 тамызда N 2429 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116-баптарына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 134-бабына, "Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Беткүдық, Таврия, Макеевка, Саратовка, Тарғын, Манат ауылдық елді мекендері мен Асу-Бұлақ кентіндегі су объектілерінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары" жобасына сәйкес және су объектілерін ластану мен тартылудан қорғау мақсатында, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.12.2016 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. 1-қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Беткүдық, Таврия, Саратовка, Тарғын, Манат ауылдық елді мекендері мен Асу-Бұлақ кентіндегі су объектілерінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі белгіленсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес су қорғау аймағының аумағында арнайы шаруашылықтық пайдалану режимі мен су қорғау белдеуінің аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

3. Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті (В.Р.Колесников) "Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Беткүдық, Таврия, Макеевка, Саратовка, Тарғын, Манат ауылдық елді мекендері мен Асу-Бұлақ кентіндегі су объектілерінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары" жобасын мемлекеттік жер кадастрында есепке алу үшін және жер ресурстары мен су қорын қорғау және пайдалануға арналған мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен арнайы уәкілетті мемлекеттік органға тапсырысЫн.

4. Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің санитарлық жай-қүйіне бақылау жасау Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментіне (В.С.Якупов) жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары

И.В.Белихинге жүктелсін.

Облыс әкімі

Келіслді:

Ертіс алаптық су
шаруашылығы басқармасы
бастығының орынбасары

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2006 жылғы 14 тамыздағы
N 721 қаулысына 1 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Беткұдық, Таврия, Саратовка, Тарғын, Манат ауылдық елді мекендері мен Асу-Бұлақ кентіндегі су объектілерінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

Рең саны	Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
		шекарасының ұзындығы, шақырым)	(аланы (га))	ені (метр ұзындығы,)	шекарасының ұзындығы, шақырым)	(аланы (га))	ені (метр)
1.	Беткұдық ауылындағы Беткұдық бұлағы, сол және оң жағасы	3,4	181,3	500	3,55	14,7	20-90
2.	Таврия ауылындағы Песчанка өзені, сол және оң жағасы	6,37	380,5	450-925	7,33	50,74	20-260
3.	Саратовка ауылындағы Ертіс өзенінің тармағы (Лебяжъя), сол жағасы	1,47	112,97	640-920	1,9	18,63	20-110
4.	Тарғын ауылындағы Тарғын өзені (оң жағасы), салаларымен:	5,56	375,8	320-500	10,78	47,86	20-240
4.1	Тарғын ауылындағы Тарғын өзенінің оң жағасындағы саласы - N 1 бұлақ, сол және оң жағасы						
4.2	Тарғын ауылындағы Тарғын өзенінің оң жағасындағы саласы - N 2 бұлақ, сол және оң жағасы						
4.3	Тарғын ауылындағы Тарғын өзенінің оң жағасындағы саласы - N 3 бұлақ, сол және оң жағасы						
4.4	Тарғын ауылындағы Тарғын өзенінің оң жағасындағы саласы - N 4 бұлақ, сол және оң жағасы						
5.	Манат ауылындағы Черновая өзені, сол жағасы	0,77	42,43	500	0,79	3,76	20-80
6.	Асу-Бұлақ кентіндегі Тайынты өзені (сол жағасы) салаларымен:	5,13	401,3	350-500	7,56	36,83	20-50
6.1	Асу-Бұлақ кентіндегі Тайынты өзенінің сол жағасындағы саласы - Ургунді өзені, сол және оң жағасы						

Ескертпе: су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені "Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Беткүдік, Таврия, Саратовка, Тарғын, Манат ауылдық елді мекендері мен Асу-Бұлақ кентіндегі су объектілерінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары""жобасының картографиялық материалдарында көрсетілген.

*Департамент директорының
уақытша міндетін атқарушы*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2006 жылғы 14 тамыздағы
N 721 қаулысына 2 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Беткүдік, Таврия, Макеевка, Саратовка, Тарғын, Манат ауылдық елді мекендері мен Асу-Бұлақ кентіндегі су объектілерінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін шаруашылыққа пайдалану режимі

1. Су қорғау аймағының шегінде мыналарға тыйым салынады:

1) тұрғындардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті, қоршаған ортаның өзгеруіне, өзенінің табиғи экологиялық жүйесінің бұзылуына жол беретін шаруашылықтық және өзге де қызметке;

2) міндетті мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамасыз аумақта шаруашылықтық қызмет пен өндіріс, жұмыс пен қызмет көрсетуге;

3) өзен мен оның су қорғау аймағының ластануы мен қоқысталуына жол бермейтін имараттармен және қондырғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және қайтадан құрылған объектілерді пайдалануға енгізуге;

4) арнайы уәкілетті органдармен белгіленген тәртіппен келісілген жобаларсыз құрылыш, судың түбін тереңдешту және жарылыш жұмыстарын, пайдалы қазбаларды өндіру, кабель, құбыр желісі мен басқа да коммуникацияларды төссеу, бұрғылау, ауыл шаруашылықтық және өзге де жұмыстарды жүргізуге;

5) табиғи ортаны ластайтын, жер үсті және жер асты суларын химиялық сипатта ластау қаупі бар минералдық және органикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және басқа да улы химикаттарды, мұнай өнімдерін сактауға арналған қоймалардың құрылышын салуға және орналастыруға, техникалық қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы техникасын, автокөлікті жуу пункттерін тұйықталған техникалық сумен қамтамасыз ету жүйесінсіз, өндірістік сарқынды суды, мал шаруашылығының сарқынды суларын жинақтаушы және басқа да объектілерсіз орналастыруға;

6) жер үсті және жер асты суларына микробтық сипаттағы ластау қаупі бар зираттарды, мал өлігін көметін орындарды, ассенизация аңыздарын, сұзу аңыздарын, сүремдік орларды, мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы кәсіпорындары мен басқа да объектілерді орналастыруға;

7) улы химикаттарды, тыңайтқыштарды қолдануға, жүқпасыздандыру, бұқырлау және дератизациялық іс-шараларын жүргізуге;

8) зиянсыздандыруға және қайта пайдалануға жарамайтын радибелсенді қалдықтар мен өнімдерді әкелуге, сонымен қатар сақтауға немесе көмуге;

9) өзенге (оның тармақтары мен ескі арналарына) радибелсенді және уытты заттарды төгуге және көмуге;

10) тазарту имараттары жоқ және тиімді тазартудың нормативтеріне сәйкес қамтамасыз етілмеген өнеркәсіп, тағам объектілерінің сарқынды суларының өзенге (оның тармақтары мен ескі арналарына) құйылуына;

11) өзенде (оның тармақтары мен ескі арналарында) радибелсенді және уытты заттарды бөлөтін технологиялар пайдаланылатын жарылыс жасау жұмыстарын жүргізуге;

12) өзенде (оның тармақтары мен ескі арналарында) және су шаруашылығы имараттарында тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін техника мен технологияларды қолдануға;

13) өзенге (оның тармақтары мен ескі арналарына) қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтарды төгуге және көмуге;

14) өзеннің (оның тармақтары мен ескі арналарының) аумағы мен мұз жамылғысының, сондай-ақ су басатын жағалауларының шайылуы жер үсті және жер асты суларының сапасын нашарлатуға әкеліп соғатын қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтармен, қоқыстармен және үй малының көңімен ластануына;

15) суды лимиттен артық қайтарымсыз алуға;

16) малды тоғытуға және оларды санитарлық өндеуге, өзеннің (оның тармақтары мен ескі арналарының) тартылуына әкеліп соғатын шаруашылық қызметтің түрлерін жүргізуге;

17) қамысты шабуға және құрғақ шөпті өртеуге, орманды шабуға және түбірлерді қопаруға (орманда күтім және санитарлық шабуларды ғана жүргізуге рұхсат беріледі);

18) өзенге (оның тармақтары мен ескі арналарына) алдын ала тазартылмаған өнеркәсіптік нөсерлік, мал шаруашылығының және жер үстінің ластанған сарқынды суларын бұруға;

19) малды мөлшерсіз жаюға.

2. Су қорғау белдеуінің шегінде, су қорғау аймағы үшін анықталған шектеулерден басқа, мыналарға тыйым салынады:

1) табиғат қорғау органдарымен келісілген жобалар бойынша орналастырылатын бас тоған имараттарынан, кеме айлақтарынан, жағалауды бекіту жұмыстарынан,

сондай-ақ демалыс орындарынан басқа, табиғи ортаға зиян келтіретін құрылыш, шаруашылықтың және басқа да қызметтердің барлық түрлеріне;

2) өзенде, оның тармақтары мен ескі арналарында автокөлік құралдары мен басқа да механизмдерді жууға, сондай-ақ суды ластау қөзі болып табылатын жұмыстар өндірісін жүргізуге;

3) жер жыртуға, мал жаюға, сүректік-бұталық өсімдіктерді шабуға;

4) палаткалы қалашықтарды, автомобильдердің тұрағын, малға арналған жазғы лагерълер мен қора-қопсыларды салуға;

5) су қорғау белдеулерінің шегіндегі тұрғын секторларында, су қорғау белдеуінің, өзеннің (оның тармақтары мен ескі арналарының) қоқысталуы мен ластануына жол бермейтін, жағаларында тұратын тұрғындардың өздерінің мекен ету орталарын сақтауларына арналған жеке жауапкершіліктеріне негізделген шектелген пайдалану режимін сақтау қажет.

*Департамент директорының
уақытша міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК